



Ақмешіт

29 қаңтар
сенбі

№8 (1813)

2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
«Nur Otan» партиясының
кезектен тыс
XXI съезіне
бейнебайланыс
режимінде қатысты.
Сондай-ақ жиынға
Тұңғыш Президент –
Елбасы, Президент
Әкімшілігінің
басшылығы, партияның
Саяси кеңесінің мүшелері
қатысты. Отырысты
партия Төрағасының
бірінші
орынбасары жүргізді.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінен және дауыс беру рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты «Nur Otan» партиясының Төрағалығына сайлау туралы Съезд қаулысы қабылданды. Содан кейін Мемлекет басшысы жиынға қатысушылар алдында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев партияның жаңа көшбасшысы ретінде сөйлеген сөзінде партияны басқаруға ұсыныс жасағаны және қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, «Nur Otan» партиясына төрағалық ету аса жауапты жұмыс екенін атап өтті.

Президент халқымызды дүрбелеңге салған қандардың басындағы қайғылы оқиғалар туралы айта келе, лаңкестер мен қылмыскерлерге тойтарыс беріп,

мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалғанымызды мәлімдеді.

– Құзырлы органдар кінәлі адамдарды анықтап, жауапқа тарту үшін тергеу жүргізу. Бұл жұмыс тек заң аясында жүзеге асырылатынына күмән болмауға тиіс. Бәрі Бас Прокуратураның және менің жеке бақылауымда болады. Адам құқығын міндетті түрде сақтаймыз. Бұдан былай мұндай қасіретке жол бермейміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамдық құндылықтар жүйесіне, саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларға түбегейлі өзгеріс енгізу қажет екеніне назар аударды.

– Азаматтық қоғам институттарына зор міндет жүктеледі. Әсіресе, саяси партиялар айрықша рөл атқаруға тиіс. Соның ішінде біздің партиямыздың алатын орны

ерекше. «Nur Otan» Қазақстанды нығайтуға бағытталған маңызды реформалардың бастауында болып, түрлі салада нақты жетістікке жетуімізге елеулі үлесін қосты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Елбасының жеке басына қатысты ел ішінде тарап жатқан түрлі жағымсыз әнгімелерге түсіндірме берді.

– Тұңғыш Президентіміз елімізді іргесі берік мемлекетке айналдыру үшін зор еңбек сіңірді. Ол Отанымыздың және әлем тарихында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған тұлға ретінде қалатыны сөзсіз. Елбасының 30 жылда ел мүддесі үшін атқарған жұмысын жоққа шығаруға болмайды. Бұл – тарихқа қиянат жасау деген сөз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасына баға берген кезде тарихи деректерге шынайы түрде сүйенуі қажет.

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев отандық және әлемдік жылнамада Қазақстан Республикасының негізін қалаушы деген атпен қалады. 90-шы жылдардың басында Қазақстанның демографиялық ерекшелігіне және шекарасының шегенделмеуіне байланысты белгілі саясаткерлер мен саясаттанушылар елімізді ыдырап кетеді деп болжам жасаған болатын. Осындай қилы заман, тарихи кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекет құру жөніндегі күрделі миссияны өз мойнына алды. Бұл, шын

мәнінде, өте ауыр міндет еді, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының нарықтық экономиканы қалыптастыруға, жан-жақты реформаларды жүзеге асыруға, Тәуелсіздіктің елең-алаң кезінде әлеуметтік-экономикалық сипаттағы көптеген проблеманы шешуге қосқан үлесін еске салды. Сондай-ақ мемлекеттік шекараны рәсімдеуге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, еліміздің геосаяси тұғырын нығайтуға және астананы көшіру ісіне сіңірген зор еңбегін атап өтті.

– Ол Американың бес президентімен, кенестік және ресейлік бес басшымен, Қытайдың бірқатар төрағаларымен және басқа да көптеген мемлекеттің басшыларымен, сондай-ақ БҰҰ-ның төрт бас хатшысымен жұмыс істеді. Әлемдік қоғамдастықта оны жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы деп атайды. Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның барлық экономикалық көрсеткіші бойынша Орталық Азия кеңістігінде алдыңғы орынға шыққанын ұмытпауымыз керек. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тарихи еңбегін ұмытпайық. Түптеп келгенде, шынайы әрі әділ болған жөн. Өткенін қаралаған халықтың болашағы бүлүнгір, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ел басқару ісінде жіберілетін кемшіліктер туралы айта келе, қателіктерге Американың да, Қытайдың да басшылары, тіпті Сингапурдың алғашқы Премьер-министрі Ли Куан Ю да бой алдырды деген пікір білдірді.

2 бетте

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев қалаға іргелес жатқан Ақсуат ауылдық округі мен Наурыз шағын ауданын газдандыру жобасындағы құрылыс-монтаж жұмыстарының барысын көрді.

ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰРУДЕ



Қазіргі таңда мердігер мекеме «Әлия-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құбырларды дәнекерлеп, арнайы техникамен жер қазу жұмыстарын атқаруда. Серіктестік мамандарының айтуынша, газ желісін тартуда ешқандай кедергі жоқ, құбырларды жалғау жұмыстарын наурыз айына дейін аяқтауды жоспарлауда. Жоспар бойынша жоғары қысымды «көгілдір отын» шыны зауыты жанындағы газ тарту стансасынан алынады. Екі аралықтағы темір жол, авто жолға және Шіркейлі каналына залал келтірмей құбырларды өткізу үшін озық үлгідегі техниканың көмегімен бұрғылау әдісі қолданылады. Бұл өз кезегінде Ақсуатқа жақын өзе де елді мекендердің халқы еш кедергісіз газ игілігін көруіне ықпал етпек.

Бұған дейін қос ауылды газдандыру жобасының алғашқы кезеңіне республикалық бюджеттен қаралған 500 млн теңгеге құбырлар жеткізу, жер қазу, газ тарту шкафтарының құрылысы жүргізілетіні айтылған еді. Ол үшін газ құбыры жолындағы инженерлік желілер бойынша «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазавтожол» АҚ, «ҚазСуШар» РМК-дан келісім алынған.

Осы тұста айта кету керек, «көгілдір отын» Жақылбек Махамбетов және Наурыз шағын ауданына Бейнеу-Бозой-Шымкент газ магистралінен тікелей алынады.

Ігілікті іске қолдау білдіруге келген ақсуаттық ағайын шаһар басшысымен жүздесті. Кездесуде Ғанибек Қонысбекұлы тұрғындарға газдандыру жобасының жай-жапсарын баяндады. Алдағы уақытта ауыл көшелері қазылып, құбырлар орналастырыла бастайды. Сол кездері қауіпсіздік шараларына ерекше ден қойып, талаптарды сақтау қажет. Ал мердігер мекеме қазылған жерге құбыр қойған соң, қайта көму жұмысын жедел жүргізуді жауапкершілігіне алады.

Көше бойымен жүргізілген газ құбырынан тұрғындар өз есептерінен үйлеріне газ кіргізетіндіктері белгілі. Бұл тұста лицензиясы бар мекемелермен келісім-шартқа отыру керектігі ескертілді. Қала әкімі осындай мәселелер бойынша ауыл әкімі Мәмбетәлі Ақырзаева бірқатар міндеттер жүктеп, құрылыс жұмыстарын жүргізгенде барлық қауіпсіздік шараларын қатаң бақылауды және мердігер мекемеге жұмыстың сапалы әрі жүйелі жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, газдандыру келер жылы толық аяқталады. Оған дейін кезең бойынша ауыл тұрғындары «көгілдір отын» игілігін көреді.

КАҚТАН

ХАЛЫҚ ҮНІ

ЖАЗА АЛМАСАМ МАҒАН СЕРТ немесе халық үнін естіп жүрсіз бе?



«Халық үніне құлақ асатын мемлекет». Бұл сөз қарапайым халықтың көкейіне қона кетті. «Осы мәселені басшылар білсе ғой, ойымды жеткізе алсам ғой» дейтін әрбір адамда бір арман болса, осы бір ауыз сөз талайдың арманын орындауға жол ашқандай. Ел ішінде шешімін табуы тиіс ұсыныс-пікірін дәл қазір Үкімет басындағылар естінгендей қуанғаны сонша бұл тұжырымдама ел ішінде «Естітін Үкімет», «Тыңдайтын мемлекет», «Халықты естітін» деген теңеулермен желмен жарыса жөнелді. Қалай құбылта айта да бұл қарапайым елдің көкейіндегісін естітін Үкімет бар деген тұжырымдамаға қуанғанын байқатады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты

2019 жылғы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – біздің ортақ міндет.

2 бетте

СҰХБАТ

Мәслихат депутаттарын халықтың мұң-мұқтажын тыңдап билікке жеткізетін, өңірдің тыныс-тіршілігіне қатысты өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыратын алтын көпір десе де болады. Бір жыл бұрын сайланған қалалық мәслихат депутаттары өткен жылда тындырмды тірлік атқарды. Қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы мен алдағы жоспары турасында толық мағлұмат алу үшін VII шақырылған қалалық мәслихаттың хатшысы Ибадулла Құттықожаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
қалалық мәслихат хатшысы:

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚ ПЕН ҚАЛА ҮШІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ

– Өткен жылы қалалық мәслихат депутаттары қайтадан сайланды. Бүгінде мәслихатта қандай өзгерістер бар?

– Иә, 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен ҚР Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттардың сайлау қорытындысына орай 15 қаңтарда VII шақырылымдағы Қызылорда қалалық мәслихатының бірінші сессиясы өтті. Жаңа құрамдағы депутаттық корпуста 3 саяси партия

өкілдері бар. «Nur Otan» партиясынан 18 депутат, «Қазақстан халық партиясы» 2 және «Ақ жол» партиясынан 2 депутат. Мәслихат құрамындағы 22 депутаттың 15-і алғаш рет сайланғандар, яғни депутаттық корпус 68,2 процентке жанарған. Сайлау заңнамасына енгізілген 30 проценттік квотаға сәйкес 5 депутат әйелдер қауымынан болса, 5 депутат 35-ке дейінгі жастар өкілдері. Депутаттар құрамында түрлі саланың білікті де білімді



мамандары бар. Халық қалаулыларының басым бөлігін құрайтын «Nur Otan» партиясынан сайланған депутаттар сайлау алды праймеризден іріктелген, беделді, белсенді азаматтар. Жастар өкілдерін құрайтын «Ақ жол» партиясы мен тәжірибелі азаматтардан құралған «Қазақстан халық партиясының» да өзіндік айтары бар.

3 бетте

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРГЕ СУБСИДИЯ БӨЛІНДІ



Одан бөлек бөлім басшысы жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 2021 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 2 магистральды жол құрылысы және ұзындығы 40,7 шақырым болатын 63 көшеге қиыршық тас, 20 көшеде асфальт төсеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. Ал құрылысы 2019 жылы басталған С.Бейбарыс көшесінен «Қызылжарма» каналы – Назарбаев даңғылына дейін магистральды көше құрылысы биыл толығымен аяқталмақ.

Сондай-ақ биыл 79 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізуге бюджеттік өтінім ұсынылып, 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолын орналастыру үшін жоба-сметалық құжаттарының сараптама қорытындысы алынды.

2021 жылы көпөтерлі тұрғын үй ауаларында 25 ойын алаңы пайдалануға беріліп, 33 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылған.

– Қалалық арық жүйелерін аяқ сумен қамтамасыз ету үшін Қызылорда қаласына 26 дана барлау өндірістік ұңғымасын орнатуға жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурстарын жариялауға тиісті құжаттар дайындалуда, – дейді бөлім басшысы.

Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту модернизация бойынша «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған», «Өңірлерді дамыту – 2020» және «Нұрлы жер 2020-2021» бағдарламалары және ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес 2011-2021 жылдар аралығында 174 көпөтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілген. Қазіргі кезде 12 көпөтерлі тұрғын үйге құрылыс-мердігерлік келісім-шарт жасалып, жөндеу жұмыстары басталды. Онымен қоса биыл 11 көпөтерлі тұрғын үйді жаңғырту жоспарланып, бюджеттік өтінім берілген.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қоғамдық көлік сапасын жақсарту бағытында 2021 жылдың соңында жеке тасымалдаушылардың 21 бағыты әлеуметтік маңызды бағыт ретінде танылды. 2022 жылға әлеуметтік маңызды бар 26 бағытқа 1 млрд теңге субсидия бөлінді. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бауыржан Оспанов мәлімдеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өз сөзінде «қасиретті қаңтар» оқиғасының Тәуелсіздік алған жылдардағы ең ауыр сынақ болғанын атап өтті. Президент қоғамның кемелдігі мен мемлекеттің күш-қуатын сынап көруге арналған емтиханды сәтті тапсырғанымызды айтты. Осы ретте Президент бұл оқиғалардың барлық себеп-салдарын терең талдап, тиісті сабақ алу қажет деп санайды.

– Еліміз дамудың өте күрделі кезеңіне аяқ басқанын түсіне отырып, «Nur Otan» партиясын басқару ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Бұл шешім партияны трансформациялау және бүкіл қоғамды ұйыстыру жұмыстарына кірісуге дайындықты білдіреді. Осы ретте мен Мемлекет басшысы ретінде ашық және әділ саяси бәсекелестік болатынына кепілдік беремін. Менің конституциялық міндетім – барлық билік тармағының келісілген іс-әрекетін және мемлекеттік органдардың халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету. Өрине, бұл жағдайлар Президенттің кез келген партия мен қозғалыстардың қызметіне белгілі бір дәрежеде алшақтауын талап етеді. Сондықтан біраз уақыттан кейін, бәлкім осы жылдың ішінде, «Nur Otan» партиясына одан әрі төрағалық етуімнің орындылығы туралы мәселе қайта ораламыз. Мемлекет басшысының тең қашықтықтағы мәртебесі саяси реформалардың ауқымды топтамасында біржола бекітілуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізді жан-жақты жаңғырту үшін ұсынылған ауқымды мәселені еске салды. Оның пікірінше, «Nur Otan» реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысуға, Қазақстанды қарқынды түрде қайта құруда және жанардудың негізгі қозғалыс күші ретінде әрекет етуге тиіс.

– Бұл үшін «Nur Otan» өзін-өзі жаңартуы керек. Партияның бүкіл жұмысын сөз жүзінде

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек



ғана емес, түбегейлі қайта құру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы партия мүшелерін төмендегі басымдықтарға баса мән беруге шақырды.

Президент партия ішіндегі ынтымақты нығайтуды, қоғамдағы барлық конструктивті күшті біріктіруді бірінші міндет ретінде атады. Оның айтуынша, Жаңа Қазақстанды құру үшін ауызбіршіліктің, серіктестіктің, нық ұстаным мен болашаққа сенімнің маңызы зор.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, партия мемлекеттік органдардың

жұмысын қайталамауы керек. Президент «Nur Otan» партиясы негізінен идеологиялық және қарлдық жұмыстармен айналысып, қажет жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысына жол сілтеп отыруы керек екенін назар аударды.

– Партияның өмір сүретіндігі сайлауалды үзделердің қаншалықты орындалатынына байланысты екенін түсіну керек. Менің ойымша, шындыққа жанаспайтын және орындалмайтын уәде бермеген абзал. «Арық айтап, семіз шыққан» жөн. Ақиқатқа тура қарау қажет. Сондықтан партия Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесіп отырып, сайлау

алдындағы үзделердің орындалуын түбегейлі қадағалауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

– Бірақ Сингапурдың да, АҚШ-тың да, Қытайдың да халықтары және басқарушы топтары күршіткі жұмыстармен айналысып, өздерінің басшыларын кемшіліктерден жоғары қойды. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді деген сөз бұрыннан белгілі. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тиісті тарихи еңбегіне лайықты бағасын берейік. Ал кеткен қателіктер, еліміздің келешек басшыларына сабақ болсын. Мемлекетіміздің болашағы турғысынан алғанда бұның дұрыс болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент партияның ұйымдық құрылымын қайта қарауды, атап айтқанда, бірінші орынбасар лауазымын атқарушы хатшы қызметімен алмастыруды, сондай-ақ тиісті бағыттар бойынша басқа да хатшылардың лауазымдарын қайта қарастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық кеңестердің қазіргі жоспарларын, олардың жеке құрамдарын қоса алғанда түбегейлі жаңартуға, басқа партиялар мен қоғамдық бірлестіктермен арадағы ынтымақтастықты жоғары деңгейге көтеру үшін

Президент Мәжілісте партияның фракциясын қайта қарау, партия мүшелерінің өкілдеріне өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге атсалысуын күшейту, қоғамдық қабылдаулар қызметін жандандыру, партияның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі стратегиясын жаңа мазмұнда толықтыру, партия құрамындағы толып жатқан

тиянақсыз, табансыз, мансапқұмар тұлғаларды орындарынан алу, сондай-ақ партияның «Jas Otan» жастар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қорының қызметіне арнайы тоқталды. Қорға ақшалай үлес қосқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді. Сонымен қатар олигополиядың бір бөлігі, тіпті соның дәл өзі болып табылатын бизнестегі кейбір белгілі тұлғалардың Президент бастамашы болған қайырымдылық акциясына қатысуға асықпайтындығын атап өтті.

– Бұны қалай түсінуге болады? Сараңдық па, нигилизм бе, салғырттық па әлде менсінбеу ме? Қалай болғанда да, бұл сұрақты жауабын алуға мемлекеттің қызығуы жетеді. Ірі бизнес тарапынан жасалатын қайырымдылық үдерісін реттейтін арнаулы Жарлық шығаруды жоспарлап отырмын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында Президент қызметінде болсын және партия жұмысында болсын ел мүддесіне берік болу қағидаларын ұстанатынын жеткізді.

– «Nur Otan» – еліміздің негізгі саяси күші. Сондықтан Қазақстанның болашағы үшін, ең алдымен, біздің партиямыз жауапты. Өрқайсымыз осы жауапкершілікті терең сезініп, жұмыс істеуіміз қажет. Шын мәнінде, «Nur Otan» мемлекетшілдер партиясы болуы керек. Ұйым мүшелері мемлекет мүддесін бәрінен биік қойуға тиіс, – деді партия Төрағасы.

akorda.kz

ЖАЗА АЛМАСАМ МАҒАН СЕРТ немесе халық үшін естіп жүрсіз бе?

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерінің қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру үшін нақты шаралар жүзеге асырынып да осы Жолдауда атап көрсетті. «Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады. Президент Әкімшілігінде азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарауын қадағалап, жедел шаралар қабылдайтын бөлім құрылды.

Көп жағдайда азаматтарымыз орталық және жергілікті органдар басшыларының құлықсыздығы мен «бейқамдығына» байланысты Президентке жүгінуге мәжбүр болады. Белгілі бір саладағы шешімдердің әділетсіздігіне қатысты жолданатын көптеген шағым нақты мемлекеттік органда немесе аймақта күрделі түйткілдер бар екенін көрсетеді. Енді бұл мәселеге дәл осы тұрғыдан қарап, тиісті шешімдер қабылдаған жөн», – деп атап айтты. Бұл халықтың арыз-шағымын тартып қалдыратын шенеуніктерді селт еткізгендей әсер етті десек, әтергік айтқандық емес. Бұл тұжырымдама қоғамды түбегейлі өзгертіп жібермесе де, елдің айтқанын тыңдау керек, билік пен халық арасында байланыс орнату жұмысы жүйелі жүре бастады. Ең бастысы, халықтың үні «Жартасқа бардым, күнде айқай салдым» дегеннің кері емес, жетер жеріне жете бастады. Ел бұл тұжырымдаманың игілігін сезінді.

Айта кету керек, халықтың айтқанын жерде қалдырмас үшін қабылданған тұжырымдаманың жүзеге асуында ел Президенті өзін үлгі болып келеді. Мәселен, Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәли 2020 жылдың желтоқсанында «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында Президенттің елдегі мәселеге үн қатып отыратынын айтты. «Естеріңізде болса, Қасым-Жомарт Кемелұлы сайлауалды бағдарламасында да, 2019 жылғы Жолдауында да «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы туралы айтты. Жалпы Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасын қалың жұртшылық жақсы қабылдады. Осы ретте Президент әлеуметтік желі арқылы еліміздің бүкіл өңірінде болып жатқан түрлі оқиғаларға, түйткілдерге үн қатып, тиісті тапсырма береді. Әсіресе әлеуметтік желілер арқылы елдің тыныс-тіршілігіне хабарлар болып отырады. Яғни бұл – Президенттің қоғамдағы болып жатқан әр проблеманы естіп, біліп, көріп отырғанының белгісі. Мұндай жұмыс стилі уақыт үнемдеу тұрғысынан өте тиімді екенін көрсетті. Себебі берілген тапсырмалар дер кезінде назарға алынып, тиісті шешім шығады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік желі арқылы тапсырма беруді қолдайы санайды. Осы жылы Президенттің «Twitter» парақшасында жалпы саны 630-дан астам, «Instagram»-да 30 жазбасы жарияланды. Айталық, Қасым-Жомарт Кемелұлы Ақмола облысындағы «Көбейту» көліне келтірілген зиянды әрекеттерге алаңдаушылық білдіріп, тиісті министрліктерге тапсырма берді. Соның нәтижесінде көрікті жердегі келенсіз әрекет тоқтатылды. Бүгінде экологиялық ағарту жұмыстары жүргізілуде. Президент бірқатар депутаттар мен патриот азаматтардың Мемлекеттік рәміздерді, әсіресе Туды күнделікті өмірде кеңінен қолдану туралы ұсынысына назар аударып, Үкіметке қолдаушыға заңнамаларға өзгеріс енгізуді тапсырды. Соның нәтижесінде туды қоғамдық, көпшілік орындарда, үйлердің балқонына ілуге рұқсат берілген Үкімет қаулысы шықты. Президенттің тікелей

Басы 1-бетте

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

Биыл Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылғанына 2 жылдан асты. Осы уақыт аралығында Кеңес жүзеге асыру үшін 90-нан астам нормативтік-құқықтық акт қабылдады. Соның нәтижесінде:



араласуымен Маңғыстау облысындағы Бозжыра қорығы аумағында салынатын қонақүйдің құрылысы қайта қаралады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы Алматы қаласы Төле би көшесіндегі ағаштардың оталғанына қатысты жағдайға назар аударып, қала әкіміне қызметтік тексеру жүргізіп, кінәлілерді жауапкершілікке тартуды тапсырды. Жыл ішіндегі осындай жұмыстарды көптеп келтіре беруге болады. Дегенмен мұның бәрі елдің көз алдында өтіп жатқанын кейін барлығын бірдей тізіп шығу міндет емес шығар деп ойлаймын.

Осы арада Президенттің akorda.kz сайтындағы виртуалды қабылдауына да жұртшылықтан көптеген талап-тілектер, әртүрлі өтініш хаттар келетінін айта кеткен жөн. Бүгінге дейін азаматтардан 19500-ге жуық өтініш келіп түсті. Оның ешқайсысы назардан тыс қалмайды. Қорыта айтқанда, жалпы осы кезеңдегі орындалған тапсырмаларды саралай отырып, Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы өз деңгейінде жүзеге асырылып жатыр деп айтуға толық негіз бар», – деді.

Мемлекет басшысының әлеуметтік желілердегі, БАҚ-та көтерілген мәселелерге назар аударып, үн қатып жүргенінен жұртшылық хабардар. Мәселен, «Egemen Qazaqstan» газетінде көтерілген бірқатар мәселелерге Президенттің назар аударғаны ел есінде. Айта кетелік, республикалық басылмадағы бірқатар проблемалық мақалаларға жедел үн қатты. Соның бірі – «Egemen Qazaqstan» газетінің Қызылорда облысындағы мәншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаевтың «Темір жолды жағалап топ бала жүр» атты мақаласы. «Egemen Qazaqstan» газетіндегі «Темір жолды жағалап топ бала жүр» атты мақаладан Сексеуіл кентінде 360 бала күнделікті мектепке бару үшін 13 релсті кесіп өтетінін оқыдым. Бұл – өте өзекті мәселе. Оны шешу үшін Үкімет нақты шаралар қабылдауы қажет», – деп жазды twitter парақшасында. Осыдан соң 360 баланы қуанышқа келетін, Сексеуіл кентінде жаңа мектеп салынды. Демек, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асып жатыр деуге негіз бар.

Сондай-ақ халық үнін есту мақсатында құрылған «Ұлттық сенім кеңесінің» қызметіне де билік екі жыл тоқты. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы өзінің «Facebook» парақшасында жазып, шешім тапқан мәселелерді жазды. Оның ішінде дәрігер мен мұғалімнің жалақысы, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың стипендиясының көбейтілуі, онтүстіктен солтүстікке қоныс аударған азаматтарға берілетін субсидияның екі есеге ұлғайғаны және тағы да басқа шешім тапқан мәселелерді атап көрсеткен.

«OPEN KYZYLORDA» АШЫҚ ПА?

Аймақта ел ұсынысын тыңдау қалай жүзеге асып жатқанын бағамдап көрік. Қалалықтар ұсыныс-пікірін, түйткілді мәселені билікке жеткізу үшін ең әуелі смартфон көмегіне сүйенетіні байқалады. «Open Kyzylorda» жобасы қалалықтар үшін тиімділігін көрсетті. Әсіресе, жылдам жауап беріп, халықпен кері байланыс орнату арқылы ел сеніміне не болды. Осы орайда қалалық ішкі саясат бөлімінің әдіскері, әлеуметтік желілерге жауапты маман Әсел Жұмабек «Open Kyzylorda» «WhatsApp» желісінің уақытпен санаспай тұрғындар үшін ашық екендігін айтты

– «Open Kyzylorda» жобасы қаладағы коммуналдық кәсіпорындар мен бөлімдерді, ведомстволарды біріктірген жоба. Қазіргі таңда қаланың коммуналдық қалыңдығы барлық мәселелері бойынша сұрақтар «Open Kyzylorda» (8702887111) нөміріне жолданады. Жолданған хабарламаларды қалалық ішкі саясат бөліміндегі маман арқылы тікелей сала басшыларының, сала мамандарының назарына ұсынады. 2021 жылы мұнда қала тұрғындарынан 2761 сауал түскен. Сауалдың басым бөлігі коммуналдық салаға бағытталса, 5 проценті ауылдық округтер үлесіне, 2,8 проценті құрылыс, 1,6 проценті әлеуметтік сала, 1,6 проценті сәулет және қала құрылысы, 1 проценті кәсіпкерлік, 0,8 проценті жер қатынастары, 0,7 проценті білім, 0,7 проценті мәдениет, 27,6 проценті өзге салаларға бағытталған. Тұрғындар жолданған мәселенің 97 проценті дер кезінде шешімін тапты. Ал 3 проценті бюджеттен қаржы бөлінуіне орай шешімін табатын мәселелер, – дейді ол.

Айта кетелік, «Open Kyzylorda»-ға алғаш айтатындар да аз емес екен. Жазған мәселесі дер кезінде шешімін тапқанына ризашылығын білдіріп алғыс жаудырғандар өткен жылы 1000-нан асыпты. Демек, халық үніне құлақ асса, шенеуніктерге халықтың алғысы да аз болмайтынның біле жүрініз.

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚ ҮНІН ҚАЛАЙ ЖЕТКІЗУДЕ?

Халық ұсынысын тиісті орынға жеткізудің тағы бір жолы – депутаттардың қоғамдық қабылдауы. Билік пен халық арасында алтын көпір қызметін атқаратын халық қалаулылары тұрғындар көтерген мәселенің шешімін табуына қаншалықты ықпал етуде?

Раушан Ысқақова, қалалық мәслихат депутаты:

– «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында мемлекеттік институттардың ролін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мәселелерін кеңінен сөз етті. Жолдауда қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты, терең талдау жасап қана қоймай, оның шешу жолдарын да көрсетіп берді. Президент билік беру ісіне мемлекеттің дамуындағы стратегиялық міндетке ие сала ретінде қарап, оқулықтардың сапасы, қала мен ауыл мектептерінің білім берудегі алшақтығы сияқты мәселелерді орынды көтерді. Мемлекет басшысы білім беру жүйесіне қасиеттік бағдарлау саясатын енгізуді, сол арқылы оны еңбек нарығының сұраныстарына бейімделді жүктеді.

Президент Жолдауы жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, оның орындалуына бәріміз бірдей атсалыссақ, біз үшін маңызды құжатта айтылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болу қиын болмайды.

Депутат ретінде қоғамдық қабылдауларда халықтың мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, оның орындалуына атсалысып келеміз. Өріптестерім де халық көкейіндегі мәселелерді зерделеп, сессияда көтереді. Халық үнін жеткізген депутаттар қала әкімдігімен бірлесіп мәселенің шешімін табуына белсене атсалысып жүр. Өрине, мәселенің барлығы бір күнде шешілмейді. Кейбір мәселелер қомақты қаржыны қажет етеді, ал кейбір мәселелер бір апта ішінде шешімін тауып жатады. Ең бастысы, тұрғындар көтерген мәселе назардан тыс қалмайды. Мәселен, қоғамдық қабылдауда «Арай-Шұғыла» саяжайының тұрғындары жол қиындығын айтқан еді. Өткен жылы 9 көшеге қиыршық тас төселді. Сонымен қатар «Арай» шағын ауданының тұрғындары электр жарығының әлсіздігін айтса, бұл мәселе де биыл шешімін табуда. Бір сөзбен айтқанда, халықты тыңдап, айтылған мәселелер өз кезегімен шешімін табуда.

«ГАЗЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ, ҚҰЛАҒЫ ҒӘМ ТІЛІ»

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұовтың бұл сөзі бұқаралық ақпарат құралдарына берілген анықтама. Қай кезде де елдің үнін жеткізуді мақсат еткен баспасөздің атқару қызметі зор. Елге дұрыс әрі нақты ақпарат жеткізуде, ұлтты ұйыстыруда, елдің сауатын көтеруде баспасөздің орны бөлек. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары елдің үнін жеткізу қызметін қалпынсыз атқарауда. Алайда қоғамда сын жазымайтын болды деген пікірдің бары рас. Дегенмен мәселенің екі жағы бар. Мәселе – сындық жазығыңдарда ғана емес, оны қоғамның қабылдауында. Айталық, соңғы кезеңде сынды дұрыс қабылдай алмайтын көңішпек қоғамға айналғанымыз да жасырын емес. Сын айтылса, «мені сынады» деп қабылдайтын шенеуніктер де жоқ емес. Сондай-ақ «үндемеген үйдегі баледен құтылады» деп үнісі қалғанды жөн көретіндер де табылады. Осы орайда «Ақмешіт апталығы» газеті көтерген мәселелердің ішінде шешімін тауып, ел алғысын айтқаны да, шешімін таппай жабулы күйінде қалғаны да бар екенін айта кеткен жөн. Мәселен, «Сабалақ» саяжайының жолы, суы, жарығы, жалпы барлық мәселесі газет бетінен түскен емес. Халықтың ортасына барып жай-күйін білген тілшілер тобы бұл мәселені бір емес, бірнеше рет көтерді. Бүгінде «Сабалақ» тұрғындары жақсы жаңалықтарын айттып, редакцияға хабарласып та жүр. Өрине, саяжайдың барлық мәселесі түгел шешімін тапты десек, артық айтқандық болар. Дегенмен жыл басындағы жақсы жаңалық – ауыз судың жеткені. Сонымен қатар қаладағы «Егемен» көшесінің жайын айтқан тұрғындар назы газетке жарияланып, тиісті орындардан жауап хат келгенімен, көше сол бәз баяғы қалпы. Сондай-ақ газет көтерген «Көгілдір отын неге қымбат?», «Көрсеткіш емес, нәтиже керек немесе елді сандалтқан Еңбек биржасы», «Жолау қарай ма, ақша санай ма?» секілді мәселелер көтерілгенімен тиісті мекеме басшыларының селт етпегенін де айта кету керек. Бұл халық үнін естісе де, естімеген сынай танытатын, оқыса да оқымағандай болатын бейқам басшылардың тіршілігі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бір Жолдауға арқау болған жоқ. Бұл халық пен билік арасында диалог орнатуда маңызды екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында тағы да айтты, тағы да еске салды. «Біз халықтың үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз. Бұл – асыра айтқандық емес. Шын мәнінде мемлекет өз азаматтарының пікірін мұқият тыңдауы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Ендіше, бүгінгі басып-қосшыға сынды қабылдай алатын иммунитет керек. Содан кейін сыннан қорытынды шығару қажет. Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ, қалалық мәслихат хатшысы:

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚ ПЕН ҚАЛА ҮШІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ

– Бір жыл ішінде мәслихат депутаттары қандай іс атқарды?

– Мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады. 2021 жылы VII шақырылған Қызылорда қалалық мәслихаттың 16 сессиясы өтті. Оның төртеуі кезекті және он бес кезектен тыс. Өткізілген сессияларда 90-нан аса шешім қабылданды. Шешімдер уақытылы Әділет органдары мен тиісті орындарға жолданды. Жалпы бірдей міндетті маңызды бар 18 шешім Әділет органдарында тіркеуден өтіп, БАҚ-та жарияланды. Мәслихат қабылдаған шешімдерге қатысты құзырлы органдардан наразылық пен ұсыныс түскен жоқ.

Мәслихат депутаттары тарапынан өздеріне бөлінген аумақтағы мәселелерді зерттеу, шешу, тұрғындарды қабылдау, тұрақты комиссиялар отырысы, депутаттық аралар, кездесулерге қатысып, ақпарат құралдары арқылы атқарған жұмыстарын жариялап тұрады.

– Бүгінде шешімін тапқан өзекті мәселелерді атап өтсеңіз?

– Әрине, халық қалаулысы болған соң тұрғындар мен қала үшін аса маңызды мәселелердің шешімін табуға көңіл бөлінеді. Мәслихаттың регламентіне сәйкес жоспарлы мәселені сессияға мәслихаттың Уақытша комиссиясы тиісті мекемелермен бірлесіп әзірлейді. Қаралатын әрбір мәселеде депутат халық мүддесін қорғауға, оларды толғандыратын мәселелерді шешуге ерекше мән береді.

Мәселен, сессияда қаралған қала аумағындағы жолаушы тасымалын ұйымдастыру мәселесі бойынша қоғамдық көліктердің жана жол сызбасын тез арада аяқтап, қолдауды қажет ететін жеке меншіктегі әлеуметтік маңызды бар автобус бағыттарына субсидия беру мәселесі сессия шешімінде қамтылды.

Осы мәселеге орай өткен жылы облыстық мәслихат сессиясында «2022-2024 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызды бар қатынастар тізбесін анықтау» туралы шешім қабылданып, алдағы уақытта субсидия қаралатын болды.

Кезекті сессияда қаралған тағы бір өзекті мәселе – агроөнеркәсіп кешенін дамыту жағдайы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлікпен толық қамтамасыз ету екенін айтты.

Сыр өңіріндегі «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығына» қарасты Ы.Жақаев атындағы күрші ғылыми зерттеу институтының ғылыми потенциалын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға кеңінен пайдалану тиімді болмақ. Ал бұл мақсатқа жүрі үшін депутаттар ғылыми орталықтың материалдық-техникалық базасын нығайтып, ғалымдарға көмек көрсету керектігін алға тартип, тиісті органдар ұсыныс хаттарын жолдады.

Басы I-бетте

7606 АЗАМАТ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ТАПТЫ

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кеңешіл Құрақбаева әлеуметтік саланы қолдау және бөлімінің атқарған жұмыстары туралы баяндады.

Бөлім басшысының айтуынша, 2021 жылы қалалық жұмыспен қамту орталығының қызметіне 14 357 адам жүгінген, оның ішінде 7606 азамат тұрақты жұмысқа орналасқан.

– 2021 жылы 10648 жана жұмыс орны ашылды. Жұмысқа тартудың белсенді түрлерінің бірі – қалада ай сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу. 2021 жылы 12 рет ауқымды «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 130 мекеме 1156 бос жұмыс орнына сұраныс ұсынды. Өткізілген «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесінің нәтижесімен 297 адам тұрақты жұмысқа тұрып, 643-ке жуық адам кеңес алды, – дейді бөлім басшысы.

Сондай-ақ «Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға

арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 35 азамат жолданып, оның 29-ы оқу курстарын аяқтады және тұрақты жұмыспен қамтылған.

«Бастау бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздеріне 627 адам оқып, олардың ішінде 17-і несие алса, 468-і мемлекеттік грантка ие болған. Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға 1082 азаматқа мемлекеттік грант берілген.

«Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бойынша қоғамдық жұмыстарға 3474 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 270 адам, жастар тәжірибесіне 831 жас маман, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен 34 азамат жұмысқа жолданды.

Жыл көлемінде қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі арқылы 92813 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның ішінде 33281 адамға атаулы әлеуметтік көмек төленіп, 5414 балаға кепілдендірілген әлеуметтік топтама берілген. 6773 адамға тұрақты үй кезегі, жекемен санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 9369 адамға көмек көрсетілген.



Бөлім басшысының баяндауынша, мүгедектің бар тұңғаларды оналту шараларын жүзеге асыру бойынша І топ мүгедектеріне 911 жеке көмекші, 135 есту кемістігі бар адамдарға 15 ымдау тілі маманы қызмет көрсетіп, 13 инвалитка қызметімен қамтамасыз етілген. 470 үйде тәрбиеленіп және оқылатын мүгедектің бар балалар да материалдық қамтамасыз етілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

25747 АДАМ ТҮРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҮР

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Абзал Рысбек жыл көлемінде атқарылған жұмыстар туралы баяндап, қала әкімдігі жанындағы баспасөз орталығында брифинг өткізді.

– Қызылорда қаласы бойынша тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 5 дара тізімдері бойынша 25747 отбасы кезекке тіркелген. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес, азаматтарға пәтерлер тек кезек ретіне сәйкес беріледі. Жалпы 2021 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегінде тұрғын 812 отбасына кезек ретіне сәйкес сатып алу құқығынсыз пәтерлер табысталды, – делі бөлім басшысы.

2021 жылы «Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар» санаты бойынша сол жағдайда тұрғын ауданынан 70 пәтер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алғандарға 29 пәтер, сондай-ақ І және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар санатына, сондай-ақ шілде айында Шүкіров және Шәменов көшелерінен 33 арендалық пәтер көпбалалы отбасыларға табысталса,

желтоқсан айында мемлекеттік тұрғын үй қорынан 680 арендалық пәтер берілген. Оның ішінде көпбалалы отбасылар тобына тіркелген 430 отбасына, 50 пәтері жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобына, 200 пәтер 2006 жылдан бастап мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегіне тіркелген халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын әліс тобына берілген.



Бөлім тарапынан өткен жылдың 12 айында мемлекеттік көрсетілген қызметтің үш түрі бойынша 3200 азаматқа қызмет көрсетілген. Сондай-ақ тұрғын үй алу кезегінде тұрған адамдардың тізімін өзектендіру мақсатында кезектілік тізіміне түгендеу жұмыстары жүргізіліп, кезекте тұрған азаматтардың қатарынан 188 адамның ЖСН-і сәйкестендірілген.

А.БІРКЕНОВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Осы жылдың қаңтар айының 18-ші жұлдызынан бастап, І топтағы гемодиализ және І топтағы көз мүгедектері тасымалдауға арналған инвентакс қызметін «Орда қайсарлар» мүгедектер қоғамдық бірлестігі қолға алды.

Жоғарыда көрсетілген қызметтімізді пайдаланым деген мүгедектерге Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі №27 мекен жайындағы ғимаратында орналасқан немесе 8776-088-19-68 сенім телефонына хабарласып, 2 қабаттың 13-кабинетіне келіп құжаттарыңызды тіркеуден өткізудіңізді сұраймын.

А.СЫДЫҚОВА,
«Орда қайсарлары» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің президенті

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Қызылорда қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөнінде конкурс өткізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихаты «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 2 қарашадағы Заңына, «Қоғамдық кеңес туралы уәкілет ережелер туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығына сәйкес, Қызылорда қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөнінде конкурс өткізілетіндігі хабарлайды.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының саяды құрамы 5 (бес) мүше болып айқындалған.

Жұмыс тобының мүшелігіне коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерінен ұсыныстар, азаматтардың өтініштер хабарламалары жарияланған күнінен бастап күнтізбелік бес күн мерзім ішінде қабылданады.

Құжаттарды қабылдау мекен-жайы және уақыты:
120016, Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, №16, №5 бөлме, байланыс телефоны: 27-46-03;

Электрондық мекен-жай: kalalik-maslihat@mail.ru
Қабылдау уақыты: сағат 9:00-ден 19:00-ге, үзіліс: 13:00 - 15:00-ге дейін; Құжаттар қолма-қол немесе электронды пошта арқылы қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттар:

- 1) №1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз кандидатурасын жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы азаматтың өтініші;
- 2) кандидатурасы (бар болған кезде) жұмыс тобының мүшесіне ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазабаша ұсынысы;
- 3) кандидатураның қосымша және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
- 4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Ашықтықты және объективтілікті қамтамасыз ету үшін жұмыс тобының отырысына коммерциялық емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатырылып байқаушылар қатыса алады. Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы болуға инет білдірген адам №2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушы ретінде қатысу үшін өтінішті Қызылорда қалалық мәслихатына қолма қол ұсынды немесе электрондық поштаға жолдайды.

Қызылорда қалалық мәслихаты

№1-қосымша

Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысына

_____ туралы

(елді мекен, көше, үй, пәтер) _____

(отініш берушінің аты, жөні,тегі), _____

жеке куәлік № _____,

берілді _____ (қашан, кім)

Байланыс тел: _____

ӨТІНІШ

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатураларды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

2022 жылғы «__» _____

Өтініш берушінің қолы _____

№2-қосымша

Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысына

_____ туралы

(елді мекен, көше, үй, пәтер) _____

(отініш берушінің аты, жөні,тегі), _____

жеке куәлік № _____,

берілді _____ (қашан, кім)

Байланыс тел: _____

ӨТІНІШ

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде енгізу үшін өз кандидатураларды ұсынамын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

2022 жылғы «__» _____

Өтініш берушінің қолы _____

ОБЪЯВЛЕНИЕ

о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета города Кызылорда

Кызылординский городской маслихат в соответствии с Законом Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года «Об общественных советах», приказом №69 министра Информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года «Об утверждении Типового положения об Общественном совете» объявляет о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета города Кызылорда.

Количественный состав рабочей группы по формированию общественного совета 5 (пять) человек.

Заявления граждан и предложения от представительств некоммерческих организаций, о включении в состав рабочей группы, принимаются в течение пяти календарных дней со дня размещения объявления о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы.

Адрес и время приема документов:
120016, город Кызылорда, улица Жақаева, №16; Кабинет №5, контактный телефон: 27-46-03;

Электронный адрес: kalalik-maslihat@mail.ru
Время приема с 9:00 до 19:00 часов, перерыв с 13:00 до 15:00 часов; Документы принимаются нарочно, либо по электронной почте.

Документы, представляемые для участия в конкурсе:

- 1) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы по форме, согласно приложению №1;
- 2) письменное предложение некоммерческой организации о выдвижении кандидатуры (при наличии) в члены рабочей группы;
- 3) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата;
- 4) копия удостоверения личности гражданина Республики Казахстан.

Для обеспечения прозрачности и объективности на заседании рабочей группы могут присутствовать наблюдатели от некоммерческих организаций и СМИ. Лицо, изъявившее желание быть наблюдателем, нарочно предоставляет заявку на участие в качестве наблюдателя в маслихат города Кызылорда по форме согласно Приложению №2 или отправляет по электронной почте.

Маслихат города Кызылорда

Приложение №1

ФОРМА

Секретарю маслихата города Кызылорда от _____

(Фамилия, имя, отчество заявителя) _____

удостоверение личности № _____

выдано (когда, кем) _____

проживающего (ей): _____

(населенный пункт, улица, дом, квартира) _____

Контактный тел: _____

ЗАЯВЛЕНИЕ

Выдвигаю свою кандидатуру для включения в состав Рабочей группы по формированию Общественного совета.

Настоящим заявлением подтверждаю, что я ознакомлен с положениями Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года «Об общественных советах» и обязуюсь соблюдать его требования.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

«__» _____ 2022 года.

Подпись заявителя _____

Приложение №2

ФОРМА

Секретарю маслихата города Кызылорда от _____

(Фамилия, имя, отчество заявителя) _____

удостоверение личности № _____

выдано (когда, кем) _____

проживающего (ей): _____

(населенный пункт, улица, дом, квартира) _____

Контактный тел: _____

ЗАЯВЛЕНИЕ

Подною свою кандидатуру для включения в качестве наблюдателя на конкурс по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

«__» _____ 2022 года.

Подпись заявителя _____

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әділеттік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделігі сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін, үзіліс уақыты 13:00-ден 15:00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.



«Қуақы» қайта келді

«Ақмешіт апталығы» газетінің негізі қаланған сонау 1994 жылы басылымда «Қуақы» атты сатиралық бет болған. Газеттің негізін қалаған тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен «Ақмешіт апталығының» тізгінін ұстаған тұста бұл бетті Дүйсенбек Аяшұлы, Қазыбек Әшірбек, Нұрлан Көбегенұлы сынды елге белгілі қаламгерлер жүргізді. Одан кейін де небір сатира саңлақтарының туындылары «Қуақы» арқылы оқырманға жол тартты.

Ел ішінде «аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар» деген сөз бар. Бұл сөздің астарына үңіле білген жан әзілмен күлдіріп-ақ талай ащы шындықты көпке жеткізуге болатынын ұғынады.

«Ақмешіт апталығының» тарихына зер салсақ, «Қуақының» газетке берілмегеніне он жылдан асыпты. Біз бүгін осы бетті қайта жандандырып, оқырманға ұсынып отырмыз. Енді айына екі рет әзіл-шыншын аралас сатиралық туындыларды топтастырып, «Қуақы» бетін әзірлейтін боламыз.

Сырбай Мәуленовтің ақындығы мен азаматтығын, кісілік келбеті мен тұлғалық тұрпатын көпшілік жақсы біледі. Майдангер ақынның ел жадында сақталған қағымпа әңгімелері де аз емес. Сырбайдай тұлғаның айтқандарын жинақтап, жазып жүрген қаламгерлер де бар. Біз бүгін «Сырбай айтты» деген ел аузындағы әңгімелер мен Ақселеу Сейдімбек, Ғаббас Қыбышұлы сынды қаламгерлердің, Болат Омарәлиевтей фототілшінің жазғандарын негізге алып, Сырбай ақынның сырлы сөздерін қайта жаңғыртқанды жөн санадық.

СЫРБАЙДАН ҚАЛҒАН СЫРЛЫ СӨЗ



«ТУҒАН ТОПЫРАҚҚА АУНАЙЫН»

1970 жылы Мұхамеджан Қаратаев 60 жасқа толып, ғалымның мерейтойы Сыр бойында тойланады. Мерейтойға жиылған ақын-жазушылар Ахмет ишанның басына да барса керек. Ахмет Ишан бейітінің жанында бір топ қаламгерлердің ортасында келе жатқан Сырбай Мәуленов: «менің туған жерім осы жер, туған топыраққа аунайын», – деп жерге аунай бастапты. Дала төсінде балаша қуанған қаламгерге риза болған Аскар Токмағанбетов, Хамза Есенжанов, Мұхамеджан Қаратаев сынды ақын-жазушылар Сырбай Мәуленовті жабыла жерден көтеріп алған екен.

«АБАЙ МЕН ЖАМБЫЛ БАСҚАРҒАН МЕКЕМЕГЕ СЫРБАЙ СЫҒАЛАП ҚАЙТСА ДА ҚАНАҒАТ ҚОЙ»

Ертеректе Алматы маңындағы «Алатау» санаторийін Абай деген азамат басқарыпты. Қызық болғанда оның орынбасарының аты Жамбыл екен.

Күндердің бір күнінде сол санаторийге демалмақ оймен Сырбай Мәуленов барса, орын табылмапты. Сонда Сырбай ақын:

– Абай мен Жамбыл басқарған мекемеге Сырбай сығалап қайтса да қанағат қой! – деп ренжікіреп, есікке қарай беттесе керек.

Мұны естіген бастықтар Сырағаннан кешірім сұрап, бір орын тауып берген екен.

«БҮЛ РЕДАКЦИЯНЫҢ БІЛІМІ КЕТПІ, ЕҢБЕГІ ҒАНА ҚАЛҒАН БА?»

Желтоқсан оқиғасынан кейін Сырбай Мәуленов «Білім және еңбек» журналының редакциясына барыпты. Ақын бұл жерде тек машинисткалардың ғана сартыдылатып материал басып отырғанын көріпті. Басқа есіктер жабық көрінеді. Сонда бұл журналдың бас редакторы, белгілі ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбековтің Желтоқсан оқиғасына байланысты жұмыстан босағанына бір айдай уақыт болыпты. Бұған Сырбай ақын іштей ренішті екен. Енді мына жағдайға кез болып, әр есікті бір тартып жүріп машинисткаларға келгенде: «Бұл редакцияның білімі кетіп, еңбегі ғана қалған ба?» – депті.

«АБЕКЕННЕН АЛА САЛМАЙСЫҢДАР МА?»

Ғаббас Қыбышұлының «Қазақ әдебиетінде» жауапты хатшының орынбасары болып қызмет ететін кезі болса керек. Кейде бір мақалаға немесе арнаулы бір бетке, ішкі қос бетке лайықты ортақ тақырып не айдар таба алмай әбегерге түскенде Сырбай Мәуленов: «Абекеннен ала салмайсыңдар ма? Өлендерінің әрбір тармағы – шапка, рубрика ғой», – дейді екен.

Мәуленовтің айтып тұрған Абекені – Абай. «Бір мағына аясындағы жоспарлы

материалдарды берген бөлімге, бетке, қос бетке жанрына сай: «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Өлен – сөздің патшасы», «Еңбек етсең ерінбей...», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Орын таппай баптанба», т.б. ортақ тақырыпты, айдарды Сыраған «нұсқауы» бойынша қойып жүрді. «Е, мінекі! Айттым ғой!» – деп көңілдене кеңк-кең күлетін», – дейді Ғаббас Қыбышұлы өз естеліктерінде.

ОСЫНША ШЕШЕНДЕР МЕН КӨСЕМДЕРДІ, ҚАЛАЙША КӨТЕРІП ТҮР ЖЕРДІҢ ШАРЫ

Кенес заманындағы жалаң ұранға, жылтырақ мақтауға толы газеттерді парактап отырған Сыраған басын шайқапты. Мұны байқаған жанындағылардың бірі:

– Сыраға, жайшылық па? – деп сұрайды. Сонда, Сыраған:


– Алдында бөгет жоғын көрді-дағы, Бұл күнде білгіш болды елдің бәрі. Осыны шешендер мен көсемдерді, Қалайша көтеріп тұр жердің шары! – деген екен.

ЖҰМЫССЫЗ, КӘСІПСІЗ ЖАННЫҢ АБАЙША ТЕМБІРЕНУІ

Бизнесте пайда бар деп ескермедім, Пайдасын біле тұра тексермедім. Бүгінде не кәсіп жоқ, не жұмыс жоқ, Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Үкімет берген жұмыс бір жақпады, Айлығы аз деп қатынға да дес бермедім.

Қиялмен биіктерге, көкке өрледім, Өзгені жамандаудан дес бермедім. Жұмыссыз жүргеннен соң көп жыл уақыт, Ақшаның қызығын да көп көрмедім. Қызығым артқан ерген балам еді, Баланы оқытуды жек көрмедім. Баламды университетке біл деп бердім, Дипломмен үйде жатсын деп бермедім.



Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
аздырар адам баласын.
АБАЙ

БҮГІНГІНІҢ БІР СӨЗІ

Қызы шешеге қарап өседі,
Шешесі инстаграмда бөседі.

Таспен ұрғанды таспен ұр.

Әкімнің баласы әкім болады.

Ит досың болса да,
Досың ит болмасын.

Әкімнің берген асынан,
Ақынның айтқан сөзі артық.

Аузы қисық болса да,
Бай баласы сөйлесін...

Қазіргінің баласы іштен біліп
туады.

Ақшаң болса қалтаңда,
Талтаңдасаң талтаңда.

Талантты таным өлтіреді.

Доллары көппен дос бол.

Доллар ұстаған теңге ұстағанмен
ойнамайды,
Теңге ұстаған доллар ұстаймын
деп ойбайлайды.

ҚОҒАМНЫҢ ОСЫ – ЖАРАСЫ



Әлеуметтік желіде,
Бір-бірін итше талайды.
Талай қазақ баласы,
Мұны дұрыс санайды.
Тәк-тәкті білмей барды,
Тик-токка көшкен
баласы.
Бұған бас ауыртпас,
Фейсбукер ата-анасы.

Ғаламтордың бүгінде,
Көбейді жаулар саласы.
Атыс-шабыс ойынмен,
Уланды ұрпақ санасы.
Инстаграмнан
шықпайды,
Баласы түгіл данасы.
Айтты, айтпай немене,
Қоғамның осы – жарасы.

ЖИНАЛЫС

-фельетон-

Бүгін сағат 11-де,
Төбемнің үйінде,
Болады деп жиналыс,
Жар салып жүр Шабарман,
Жұрттың бәрін жинағыш,
Келгендердің жүзінен,
Көрінеді қиналыс.
Барлық басып осында,
Төбемді күтіп тұр.
Не айтар деп расында,
Ойларында күдік тұр.
11 болды бұл сағат,
Басталмады жиналыс.
Үнсіз отыр Шабарман,
Жұрттың бәрін жинағыш.

Бір кезде болды 12,
Шеккісі кеп темекі,
Шықпақ болып далаға,
Орнынан тұрды Дөрекі.
Ұйқыбас отыр маужырап,
Қорқақ отыр қалтырап,
Төбемі десе барлығы,
Болып кетер қалтырақ.
Шыдамай Ақбас сөйледі:
– Үнемі осы күй, – деді;
Барлық жұмыс қалды ғой,
Күтіп бізді үйдегі.

Оны Жақпас қолдады,
Айтар сөзін жолдады:
– Уақытылы шақырыңдар,
Бала емеспіз деп қолдағы.
Қақпас отыр үндемей,
Аузын ашпай дым демей.
Жүрсе егер осылай,
Артатындай шын мерей.
Сөкпеніз деп тек бізді,
Осының бәрін Шабарман.
Төбемге жеткізді.
Ал ол болса ойланп,
11-дегі жиналысты.
Сағат 1-де өткізді.

Анда-санда осылай,
Боп тұрады досым-ай,
Жөндемесе болмайды,
Ағайындар, осыны-ай.



Бетті дайындаған Ә.ЖҰМАДИЛДҰҰЛЫ,
Суреттер ғаламтордан алынды

Меншік несі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптаасын 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы нұсқалар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың жауапкершілігін ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4251 Тапсырыс №132

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтөлеу БИТМБІЙ